

**ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

Туризм және мейрамхана ісі кафедрасы

**«Туризм» ББ
1-курс күндізгі бөлім студенттерінің оқу тәжірибесінен
(оқу-жаттығу жорығы) өту
БАҒДАРЛАМАСЫ**

ҚАРАҒАНДЫ – 2024

«Туризм» білім беру бағдарламасының және КарУК-ПРВ-112-2024 бакалавриат студенттерінің кәсіби тәжірибесі туралы ереже негізінде магистр А. С. Ахметов әзірленген

«Туризм» білім беру бағдарламасының жетекшісі: э.ғ.д., профессор Доскалиева Б.Б.

Бағдарлама академиялық комитетінде талқыланды

«22» мамыр 2024 ж. Хаттама № 2

Кафедра меңгерушісі
э.ғ.д., профессор

Доскалиева Б.Б.

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер	4
2 Тәжірибеден өту мақсаттары мен міндеттері	
3 Тәжірибеден өту жетекшісінің міндеттері	5
4 Тәжірибеден өту барысындағы студенттердің міндеттері.....	6
5 Жорыққа дайындық.....	6
6 Тәжірибеден өту туралы есепті рәсімдеу тәртібі.....	7
7 Тәжірибеден өту графигі.....	10
8 Тәжірибе қортындысын шығару.....	12
Қосымша.....	13

1 Нормативтік сілтемелер

1. 27.07.2007 ж. ҚР "Білім туралы" Заңы 5-баптың 46-11-тармақшасы (өзгерістермен және толықтырулармен).
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 (өзгерістермен және толықтырулармен).
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен (өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.
5. Кәсіптік стандарт: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы) үшін.
6. Қазтұтынуодағы ҚарУ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары, 2024ж.
7. «Қонақ үй шаруашылығы», (Қосымша № 2) «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2017 жылғы 17 қаңтардағы № 3 бұйрығымен бекітілген
8. «Тамақтандыру индустриясы», (Қосымша № 1) «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2018 жылдың 22 қазандағы № 284 бұйрығымен бекітілген;
9. «Банкеттер мен конференцияларды өткізу қызметі», (№ 42 қосымша) «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы бұйрығымен № 263 бекітілген.

2 ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Студенттердің оқу-жаттығу жорығы оқу жылы аралығында «Туризмология негіздері», «Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасы негіздері», «Мамандыққа кіріспе» пәндері бойынша алынған теориялық және практикалық білімдерін бекіту мақсатымен жүргізіледі.

Тәжірибеден өту «Туризм» білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспары мен тәжірибеден өту графигіне сәйкес жүргізіледі.

Жорық - жаяу, «Қазақстан саяхатшысы» белгісі. Өту күндері– 5, километрлер саны – 75.

Дала тәжірибесін жүргізу студенттерге оқу-жаттығу жорығы жағдайында белсенді туризмнің мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Оқу-жаттығу жорығы шынайы саяхат кезінде оқыту мен жаттықтыру мүмкіндіктерін береді. Мұндай жорықта оқыту тек арнайы жүргізілетін сабақтарда ғана емес, маршрутпен қозғалу кезінде, жорық өмірі үрдісінде де жүргізіле береді. Оқу-жаттығу жорығы барысында студенттер әр-түрлі кедергілерден өтуді үйренуі қажет: өзендер мен таулы сулардан, шөпті және таулы жерлерден өту.

Тәжірибеден өту кезінде студенттер оқу барысында алған теориялық білімдерін қолдана отырып, түрлі өсімдік және жануар әлемімен танысады, қоршаған ортаны қорғау қажеттілігін түсінеді, жергілікті жерде бағыттануды, жергілік жер бойынша неғұрлым мақсатты жолдарды таңдай алуға үйренеді.

Студенттер шынайы өмірде қажет емес жарақат алу жағдайлары мақсатында күрделі емес тауларға шығу кезінде сақтандырудың маңыздылығын түсінеді. Жаяу жорығында бір-біріне көмектесе жүріп, олар әр-түрлі ауа-райы жағдайында жолдасының көмек бергенін сезеді(температура өзгеруі, жел, жаңбыр т.б).

Алауда тамақ пісіру, құрал-жабдықтарды немесе өз киімін жөндеу адамға қажет практикалық және өмірлік дағдыларға үйренеді.

3 ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУ ЖЕТЕКШІСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Жетекшінің жорықтың барлық кездерінде бірінші жүру құқығы бар.

Жорық жетекшісі мәдениетті, инициативті және тәртіпті, өз ісін білетін, өзіне және жолдастарына талапты бола білуі қажет.

Жорық жетекшісінің міндеттері:

- болатын маршрутқа қатысты барлық жағдайларды зерттеу (әдебиет, карталар және басқа көздер бойынша) және өзі алдын ала күтпеген жағдайларды болдырмау мақсатында және студенттердің көңіл күйіне кері әсер беретін және оны ары қарай оқуға деген құлшынысын бұзбай үшін маршрутты өту;

- болашақ жорыққа қатысушыларды ұсынылатын маршрутпен таныстыру, оладың көңілін жорық кезінде болуы мүмкін қиындықтарға бөлгізу;

- маршрутта орналасқан қонақжайлықтармен таныс болу, және олар туралы мәліметтер беру немесе әдебиет көздеріне сілтеме жасау;

- тәжірибеге білікті жетекшілік ету;

- студенттің тәжірибенің календарлы-тақырыптық жоспарын орындауын бақылау;

- бекітілген бағдарламаға сәйкес тәжірибені ұйымдастыру;

- табиғат туралы Заңды қатаң ұстану;

- көлікке отыруыдан жорық аяқталғанша дейін топтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажет шараларды қолдану;

- қажет болған жағдайға жетекші жорық маршрутын өзгертуге немесе оны тоқтатуға құқығы бар (ауа-райының күрт өзгеруі, қауіпті жағдайлар және т.б.);

- жетекшіге топты жол үстінде қалдыруға болмайды, егер оқыс жағдайлар болмаса.

4 ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУ БАРЫСЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

Тәжірибеден өту кезінде студент міндетті:

- анықтанған мерзімде дер уақытында белгіленген тәжірибе базасына келу;
- медициналық тексеруден өтіп, қажет егілулерді алу;
- жиі кездесетін оқыс жағдайларда көмек көрсетудің қарапайым түрлерімен танысу (тамыр тартылу, жарақаттар, сну және т.б.);
- қауіпсіздік техникасымен танысу және қолдану;
- табиғатқа және тарих пен мәдениет ескерткіштерін қадірлеу, қоршаған ортаны қорғау ережелерімен танысу және орындау;
- жоғары ұйымдастырушылықты көрсету, тәртіпті сақтау;
- бекітілген уақытта тәжірибе бағдарламасын толық орындау;
- тәжірибе жетекшісінің тапсырмалары мен нақты жұмыстарын дұрыс және дер уақытында орындау;
- топ жағдайында нақты техникалық және тактикалық жұмыстарға өзгертулер енгізулерді түсіндіру.

5 ЖОРЫҚҚА ДАЙЫНДЫҚ

Оқу-жаттығу жорығы спорттық бағытта болғандықтан, жорыққа дайындық мұқият жүргізілуі тиіс.

Жорық алдында жетекші мен қатысушылар санитарлы-гигиеналық және эпидемиялық сұрақтар бойынша инструктаж жүргізуі керек, студенттер медициналық тексерістен өтуі қажет, сонымен қатар алдын-алу шаралын қолдана отырып егілулер алуы тиіс.

Жорыққа қатысушылар жиналысында тәжірибелі туристер арасынан жетекшінің орынбасарын тағайындау және жорықты сәтті аяқтау үшін қатысушылар арасында міндеттемелерді бөліп алуы қажет:

- шаруашылық меңгерушісі – мәзірді құрауға жауапты, тамақ жинағын кешендеу, тамақтарды рюкзактарға бөледі және жолда тамақты толтыруды қадағалайды;
- казначей - жорықты іске асыру үшін қажет ақшаны жинау мен таратуға жауапты;
- дәрігер - санитарлы-гигиеналық ережелердің орындалуын қадағалайды, жорық дәріханасын сақтайды және толтырады, қажет болған жағдайда жарақат алушыға бірінші көмек көрсетеді;
- корреспондент – жолда болып жатқан жағдайларды дала жазбаларында жазып отырады;
- фотограф және оператор – оқу-жаттығу жорығын түсірумен қамтамасыз етеді;
- жорық құрал-жабдықтарын жөндеуге жауапты – құрал-жабдықтарды жөндеуді;
- инструктор – (физорг және массовик-затейник) – түнеу мен бос уақыты өткізуді ұйымдастыруға жауапты.

Болашақ жорықты мұқият зерттеу мақсатында студенттерге берілген аймақ туралы қажет әдебиет көздерінің тізімін беру керек. (алдыңғы жорықтар туралы есеп берулер мен альбомдар).

Ол үшін алдын ала жорыққа шықпастан 15 күн бұрын келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1. ҚҚУ МСЖ талабына сәйкес тәжірибеге бағыттау ;
2. тәжірибе бағдарламасы;
3. ҚҚУ МСЖ талабына сәйкес тәжірибеден өту күнделігі ;
4. дәрігердің жорыққа жіберу туралы белгісі бар анықтамасымен бірге қатысушылар тізімі;
5. қажет тамақтардың тізімі;
6. құрал-жабдықтар тізімі;

7. шығындар сметасы;

8. маршрут схемасы.

Жорыққа қатысушылардың барлығының тізімін құру қажет.

Тәжірибеден өту алдында студент тәжірибе бағдарламасымен толық танысуы қажет.

Құжаттардың нысандары веб-сайтта ұсынылған: : <https://www.keu.kz/ru/>. Бөлім - Жұмыспен қамту, Практика.

6 ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІ РӘСІМДЕУ

Тәжірибеден өту туралы есептің мәтінінің беттері, оған енгізілген иллюстрациялар мен кестелер А4 форматына сәйкес келуі тиіс. Есеп А4 форматты ақ қағаздың бір жақ бетіне бір интервал сақтай отырып, компьютер мен принтерді қолдана баспа әдісімен орындалуы тиіс. Шрифт-қалыпты, кегль 14, Times New Roman. Айқындалып Түрлі гарнитурлы шрифттарды пайдалана, белгілі терминдер, формулаларға назар аударатын компьютердің мүмкіндіктерін пайдалануға рұқсат етіледі.

Есептің мәтінін, қағаз бетінің келесі мөлшерлерін сақтай отырып басу керек: оң жағы – 10мм, жоғары жағы - 20мм, сол жағы – 30мм және төменгі жағы – 25мм.

Әрбір тарауды жаңа беттен бастау керек. Параграфтар мен тармақтардың мәтінін, жеткілікті орын болған жағдайда, аяқталмаған беттің бос бөлігіне басуға болады.

Тараулардың, параграф пен тармақтардың атаулары арасындағы ара-қашықтық мәтіннен бір жолға шегінуді құрауы тиіс: параграф (тармақ) атауы мен мәтін арасындағы ара-қашықтық мәтіннен екі жолды құрауы тиіс; алдындағы параграф (тармақ) мәтінінің соңы мен келесі параграф (тармақ) атауы арасындағы ара-қашықтық мәтіннен екі жолға шегінуді құрауы керек.

Басылған мәтіннің және иллюстрациялар, кестелердің ресімделу, ЭЕМБ - дан басып шығарылу сапасы айқын қайталану талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

Есепті жасау кезінде бүкіл мәтін бойынша біркелкі тығыздық пен бейнелердің анық көріну талабын сақтау қажет.

Мәтін парақтарының бүлінуіне, түзетулер жасап шимайлауға және толық жойылмаған бұрынғы мәтін (кескін) іздеріне жол берілмейді.

Тегі, ұйымның атауы, бұйым аты және есептегі басқа жалқы есімдер атаулары түпнұсқа тілінде келтіріледі.

Есептің негізгі бөлімін тарауларға, параграфтарға және тармақтарға бөлу көзделеді.

Тараулар, параграфтар және тармақтар тақырыптарға ие болуы тиіс. Тақырыптар тараулардың, параграфтардың және тармақтардың мазмұнын анық және қысқа көрсетуі тиіс.

Параграфтардың және тармақтардың атауын, астын сызбай, соңына нүкте қоймай, шегініс жасап абзацтан бас әріптермен басу керек.

Егер де атаулар екі сөйлемнен тұрса, оларды нүктемен бөледі.

Есеп беттерін, есептің бүкіл мәтіні бойынша қатар нөмерленуін сақтай отырып, араб цифрларымен нөмірлеу қажет. Беттің нөмері парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады.

Титул беті, Мазмұны, Кіріспенің бірінші бетін беттердің жалпы нөмірленуіне кіргізеді.

Жекелеген беттерге орналастырылған иллюстрациялар мен кестелер есеп беттерінің жалпы нөмерленуіне кіреді.

А3 формат парағындағы иллюстрациялар, кестелер бір бет ретінде есептелінеді.

Есептің тараулары шегініс жасап абзацпен жазылады және нүктесіз араб цифрларымен белгіленеді, жұмыс шегінде реттік нөмірлері болуы тиіс.

Иллюстрацияларды (сызбалар, карталар, графиктер, кескіндер, компьютермен басып шығарылған беттер, диаграммалар, түсірілген суреттер) есепте, олар жайында алғаш айтылған мәтіннен кейін немесе келесі бетке орналастыру көзделеді.

Иллюстрациялар компьютермен орындалған және түрлі түсті болуы мүмкін. Есепте барлық иллюстрацияларға сілтеме жасау қажет.

Компьютерлік басуды пайдалану арқылы сызбалар, графиктер, диаграммалар, кескіндерді орындауға рұқсат етіледі.

A4 форматынан кіші көлемдегі түсірілген суреттер ақ қағаздың стандартты парақтарына жапсырылуы тиіс.

Қосымшалардағы иллюстрациялардан басқа иллюстрацияларды есептің басынан аяғына дейін қалдырмай араб цифрларымен нөмірлеу көзделеді.

Егер сурет біреу болса, онда ол «Сурет 1» болып белгіленеді. «Сурет» сөзі мен оның аталуы жолдың ортасында орналасады және нүктемен бөлінеді.

Қажеттілігіне қарай иллюстрациялардың аталуы және түсініктеме деректері (сурет астында мәтіндері) болуы мүмкін. «Сурет» сөзі мен оның аталуы түсініктеме деректерден кейін орналастырылады.

Әрбір қосымшаның иллюстрациясы латын алфавитінің үлкен әріптерімен жеке нөмерлермен белгіленеді.

Иллюстрацияларға сілтеме жасау кезінде «... 2-суретке сәйкес...» деп жазу қажет.

Кестелер жақсы көрнекілік пен көрсеткіштерді салыстыруға ыңғайлы болу үшін қолданады. Кестенің атауы оның мазмұнын көрсетуі, дәл және қысқа болуы тиіс. Кесте атауын, кестенің үстінен, «кесте 1» сөзінен кейін келесі жолға шегініс жасап абзацтан орналастыру керек.

Кестені өзі ескертілген мәтіннен кейін немесе келесі бетке орналастыру қарастырылады.

Барлық кестелерге есепте сілтеме болуы тиіс. Сілтеме жасау кезінде, оның нөмірін көрсете отырып, «Кесте» сөзін жазу керек. Қосымшалардағы кестелерді қоспағандағы кестелер, жұмыстың басынан аяғына дейін қалдырылмай араб цифрларымен нөмірленеді.

Көп жолдарды алатын кестені келесі параққа (бетке) ауыстыруға рұқсат етіледі. Кестенің бір бөлігін келесі параққа көшіру кезінде «Кесте» сөзі мен оның нөмірі кестенің бірінші бөлігінің астынан шегініс жасап абзацтан, сол жақта бір рет көрсетеді, өзге бөліктерінің астынан «Жалғасы» деген сөз жазады және кестенің нөмірін көрсетеді, мысалы: «1-кестенің жалғасы».

Кестелерді келесі параққа (бетке) көшіру барысында тақырыбы тек қана бірінші бөлігінің үстіне орналастырады. Кестенің бөлігін көшіруде кестені шектейтін төменгі көлбеу сызық сызылмайды.

Көп мөлшерлі графалы кесте қосымшаға енгізіледі.

Графа саны көп кестені бөліктерге бөлуге және бір бөлігін өзге бөліктің астына бір беттің шегінде орналастыруға рұқсат етіледі. Егер кестенің жолдары мен бағаналары беттің форматынан шығып кететін болса, онда бірінші жағдайда кестенің әрбір бөлігінде кестенің басы, ал екінші жағдайда – кестенің екі жағы қайталанатын. Көлемі үлкен кестені А3 форматы парағында орналастыруға рұқсат етіледі.

Кесте бағанасының әрбір жолында қайталанатын мәтін бір сөзден тұратын болса, онда оны бірінші жазғаннан кейін тырнақшалармен алмастыруға рұқсат етіледі; егер екі және одан да көп сөзден тұрса, онда бірінші қайталану кезінде оны «ол да солай» сөзімен алмастырады, ал одан әрі қарай – тырнақшалармен алмастырылады. Тырнақшаларды, қайталанатын сандардың, маркалардың, белгілердің, математикалық және химиялық символдардың орнына қоюға жол берілмейді. Егер кестенің қандай да бір жолында сандық немесе өзге де деректер келтірілмесе, онда оған сызықша қойылады.

Кесте жолдары және графа атаулары жекеше түрде бас әріппен жазылады, ал графаның тақырыпшалары - кіші әріптермен, егер олар тақырыппен бір сөйлемді құраса,

немесе, егер олар дербес мағынаға ие болса, үлкен әріптермен жазылады. Кестенің тақырыбы мен тақырыпшасынан кейін нүкте қойылмайды.

Кестелер сол жағынан, оң жағынан және төменгі жағынан, негізінен, сызықтармен шектеледі. Кестеде, мәтіндегіден кіші шрифт мөлшерін қолдануға рұқсат етіледі. Графа тақырыптарын, негізінен, кесте жолдарымен қатарлас жазады. Қажет болған жағдайда графалар тақырыптарының перпендикуляр орналастырылуына рұқсат етіледі. Кестенің басы кестенің қалған бөлігінен жеке сызықпен бөлінуі тиіс.

ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУ ГРАФИГІ	
Бірінші күн:	
Туристік базаға келгеннен кейін орыналасу, акклиматизация. Қауіпсіздік техникасы курсының өту	
Екінші күн:	
Ұзақтығы 5-7 км туристік жорық. Жорықтағы қозғалу техникасы мен тактикасы	
Тапсырмалар	Инвентарь
<ul style="list-style-type: none"> • дистанцияны ұстана білу, қозғалу интенсивтілігі; • қиын участкелерден өте білу 	Рюкзак, арқандар, карабиндер, аптечка, су
Үшінші күн:	
Палаткаларды орнату, алау жағу, арқан өру	
Тапсырмалар	Инвентарь
<ul style="list-style-type: none"> • палатканы орнату орның дұрыс таңдау; • палатканы дұрыс күту; • алауша дайындау; • алаулардың және арқандардың түрлерімен танысу; • арқан өру тарихының пайда болуын зерттеу; • өрімдердің атауларын және олардың топтарын қарастыру 	Рюкзак, палатка, колья, реп шнур, сіріңке, аптечка
Төтінші күн:	
Жергіліктің рельефін зерттеу, жергілікті жерде бағдарлану, дюлфермен түсу	
Тапсырмалар	Инвентарь
<ul style="list-style-type: none"> • жергілікті жердің картасымен жұмыс істеу; • топографиялық білімдердің болуы; • жұлдыздар, күн, өсімдік және жануарлар әлемі, сағат бойынша бағдарлау ; • вязка обвязка, сегіздік, лепестокпен танысу; • сақтандыру, өзін-өзі сақтандыру 	Жергілік картасы, сағат, байлам, реп шнур, лепесток, арқан, аптечка, карабиндер
Бесінші күн:	
Спорттық бағдарлау	
Тапсырмалар	Инвентарь
<ul style="list-style-type: none"> • компастың пайда болу тарихын зерттеу; • компаспен жұмыс істеу ережелерімен танысу, компасты қодану дағдыларын бекіту; • компасты дұрыс күту 	Компас, жергілік картасы
Алтыншы күн:	
Тау туризмінің техникасы	
Тапсырмалар	Инвентарь
<ul style="list-style-type: none"> • таулы учаскелерді өту техникасы; 	Рюкзак, палатка, реп шнур, карабин,

<ul style="list-style-type: none"> • тас құлауды болдырмау; • пириламаен өту техникасы 	аптечка
Жетінші күн: Инвентарды жинау, территорияны тазалау, қайтуға жолға шығу	

Барлық ОЖЖ өзіне оқу үрдісін қосуы қажет, алайда әдістемелік жоспардың қиын бөлімі кешкі уақытқа бөлінген. Кешкі тамақтан кейін күндіз атқарылған жұмыстарды талқылау мен (қатысушылардың кезекпен күннің қалай өткендігі туралы пікірлері, кезекші жетекшінің өткен күнге есеп беруі, күндіз кездескен күрделі учаскелерден өтуді талқылау, топ мүшелерінің сұрақтарына жауап беру) «жетекшіні ауыстыру» жүргізіледі (келесі күннің жоспары айтылады).

Күн соңында инструктор өткен күннің жорығына қатысушылардың жұмысын бағалайды. Ал егер студенттер өздерінің күші және әлсіз жақтарын білуі үшін, бағаны топтың түрлі әрекеттері бойынша қойған дұрыс:

1. Шешім қабылдаудағы өзіне сенімділігі.
 2. Жергілікті жерде бағытталу, ақпаратты жинаудағы жылдамдық.
 3. Күн тәртібін бұзбай орындау.
 4. Топтағы тәртіп.
 5. Топтағы моральды жағдай.
6. Маршрутта қозғалудың дұрыс жүргізілуі (қатарлардың арақашықтығын ұстану, компакттілік және т.б.).

7 ТӘЖІРИБЕ ҚОРТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ

Тәжірибеден өткеннен кейін жорыққа қатысушыларды медициналық тексерістен өткізіп, оларға таратылған құрал-жабдықтарды алу қажет.

Әр студент тәжірибеден өту туралы есепті жасап, оны кафедра тағайындаған комиссия алдында қорғайды.

Комиссия тәжірибеден өту туралы есепті қның бағдарламаға сәйкес мәтініне және есепті қорғау нәтижесіне қарай бағалайды.

Егер студент тәжірибе бағдарламасын орындамаса, кері баға сын-пікір немесе қорғауда қанағаттанырлық емес баға алса, тәжірибеге қайтадан жіберілуі мүмкін, әйтпесе университеттен шығарылады.

Тәжірибе қортындысы бойынша бағалар сынақ кітіпшасы мен ведомостьқа қойылады.

Егер жорықта қандай да оқыс немесе келеңсіз жағдай туындаса жетекші келесі күннен кешіктірмей университеттің кафедрасына хабарлауға міндетті.

Қосымша 1 – Жазбаша есептің титулдық беті

**ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ
КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ КАЗПОТРЕБСОЮЗА**

_____ практикадан өту
**ЕСЕБІ
ОТЧЕТ**
Прохождения учебной практики

Студент/студента _____
(тегі, аты, әкесінің аты/ фамилия, имя, отчество)

Практиканың өту орны/Место прохождения практики

(ұйымның, кәсіпорынның атауы/наименование организации, предприятия)

Практиканың басталуы/начало практики _____

Практиканың аяқталуы/окончание практики _____

Есепті практика жетекшісі қарастырды/Отчет рассмотрен руководителем практики от университета _____
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, атағы/ Ф.И.О., должность, звание)

Есеп қорғалды/ Отчет защищен _____
(баға/оценка)

Қорытынды баға/Итоговая оценка _____
(баға/оценка)

Комиссия _____
(Ф.И.О., қолы/подпись)

(Ф.И.О., қолы/подпись)

(Ф.И.О., қолы/подпись)

« ____ » _____ 20 ____ ж./г.